

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Сумен іс-тәжірибе жүргізу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.06.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58591/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Тулекова Меруерт Беисенкуловна**

**Білім беру саласы:**Таным

**Оқу қызметі:**Қоршаған ортамен танысу

**Тақырыбы:** «Сумен іс-тәжірибе жүргізу»

**Мақсаты:**Балаларға судың қасиеті,су тіршілік көзі екенін,пайдасы,маңызы туралы айтып түсіндіру.Ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа,төзімділікке тәрбиелеу.

**Қолданылатын қажетті құрал жабдықтар:**Суреттер,тәжірибе жасауға арналған құрал-жабдықтар,су,сүт т.б.заттар.

**Сөздік жұмыс:** судың қасиеті

**Билингвальды компонент:**су- вода-water,табиғат- природа -natur,жаңбыр- дождь-rain.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка әуенімен су патшайымы топқа кіреді. <b>1.Сәлемдесу</b> <b>2.Шаттық шеңбер</b> Амаансың ба,Алтын күн! Амаансың ба,Жер Ана! Амаансың ба,достарым! Амаансың ба,сендерді көріп қуандым!	Балалар су патшайымымен сәлемдеседі Тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін орындайды.

<p>Ұйымдастыру- іздестіру</p>	<p>Балалар мен су патшайымы боламын.Менің еліме қош келдіңдер!                  -Ал енді, мен сендерге жұмбақ жасырайын.Сендер жауабын дұрыс тапсаңдар,мен сендерге судың қасиеті туралы айтып беремін.                  Жұмбақ жасыру.                  Жалт — жұлт еткен                  Жылғадан өткен                  Бұл не?                  (Су)                  Аспаннан домалап,                  Көп моншақ төгілді                  Бұл не?                  (Жаңбыр)                  -Жарайсыңдар,балалар!Мен сендермен күнде кездесіп тұрамын.Бүгін біз су туралы әңгімелеп және оның қасиеттерімен танысамыз.Біз суды ішеміз,жуынамыз,шомыламыз. Сусыз тіршілік жоқ,Табиғаттың бізге сыйлаған сыйының бірі ол-су. Суды ғаламшарда көк түспен белгілейміз. (Балаларды ғаламшармен таныстыру)                  -Табиғат дегеніміз не?                  -Табиғат қандай болады?                  -Тірі табиғатқа нелер жатады?                  -Өлі табиғатқа ше?                  Әңгіме жүргізу.                  Су өмір бойы айналымда болады. Ол қармен ,жаңбырмен,жерге түседі,булақ болып өзенді құрайды,күн шуағымен бу болып аспанға көтеріледі,жер бетіне жаңбыр болып қайта оралады. (Судың айналымын сызба арқылы тақтадан көрсету,балалардан сызбаны қайтадан сұрау)                  Адамдарға,жан-жануарларға су өте қажет.Олар сусыз тіршілік ете алмайды.Балалар тазалық сақтау ережесін есімізге түсірейікші.                  -Сендер далада ойнап келгенде немесе тамақ ішер алдында қолдарыңды немен жуасыңдар?                  -Жарайсыңдар балалар!                  -Балалар енді су туралы қандай т ақпақтар білесіңдер?                  Қане, балалар, су туралы мақал мәтелдер айтайық.                  -Көрдiңдер ме,балалар,мен сендермен әрдайым бiргемiн,менiң жұмысым өте көп.Бiрақ мұнда мен демалып,сендермен бiрге ойын ойнаймын.Менiң сүйiктi ойным- сумен ойнау.Балалар,араларыңда суды ұстай алатын балалар бар ма?                  -Алақандарыңды жайыңдар (алақандарына су құяды,су сырғып ағып кетедi).Суды ұстау өте қиын, ол ағып кетедi.Балалар суды қалай ұстауға болады?                  Әр балаға мұз кубиктерiн бередi. Мiне ендi мұз суға айналды.  <b>Сергiту сәтi</b>                  Биiк болып өсемiз,                  Жайырақтай жайқалып.                  Ағаштарға су құйып,                  Өсiремiз саябақ.  <b>Сөздiк жұмыс:</b> судың қасиетi  <b>Билингвальды компонент:</b>су- вода-water,табиғат- природа -natyr,жаңбыр- дождь- гаип.                  Су патшайымы балаларды үстел басына шақырады.  <b>1-тәжірибе.</b> «Турақты пішіні жоқ»                  Менің алдымда көп ыдыстар тұр.                  Ол қандай ыдыстар?Шыныдан жасалған.Суды төрелкеге құйып көрейік.Не болды?Су төрелкенің бетіне жайылып кетті.Неге?Су- сұйық.                  -Сонымен біз не байқадық?Судың өзінің пішіні бар ма екен?Жоқ.Ол құйған ыдыстың пішінін алады.                  Ал,балалар ыдысқа құм саламын. Ол ыдыстың пішініндей пішінге енеді.Сонда құм сұйық зат болғаны ма?                  Осыны тексеріп көрейік.Яғни су сұйық зат.Ал енді құмды төгейік, ол үйіліп тұр.Олай болса құм сұйық зат емес екен.Демек су мен құм әр түрлі заттар екен.Құм – сусымалы зат.Су –сұйық зат.  <b>2-тәжірибе.</b> «Су түссіз»                  Бояғышқа су қосу керек.Түс пайда болғанын аңғару.Балаларға суы бар стақан және бояу жағылған таяқшалар арқылы суды балалар бояйды.Судың түсін өзгертуге бола ма екен?  <b>3— тәжірибе.</b>                  Балалар судың дәмі бар жоғын қалай білеміз? (Ішіп көру)                  Судың дәмі болмайды,суда дәм жоқ.                  -Балалар,біздер судың әртүрлі қасиеттері бар екенін көз жеткізейік,сонымен қайталап жіберейікші,судың қандай қасиеттері бар?  <b>Ойын: «Кім жылдам,кім епті?»</b>  <b>Шарты:</b>Балалар екі топқа бөлініп, сорғышпен су құйылған ыдыстан, таза суға су тасиды.  <b>Ойын: «Сабын көпіршіктері»</b></p>	<p>Су</p> <p>Жаңбыр</p> <p>Балалар су патшайымын мұхият тыңдайды</p> <p>Бізді қоршаған орта Тірі және өлі</p> <p>Жануарлар,гүлдер, өсімдіктер т.б. Тас,тау,су т.б.</p> <p>Балалар мұхият тыңдайды</p> <p>Сумен</p> <p>Айару: Сылдыр-сылдыр,сылдыр су, Сылдыр суға бетінді жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аллақ бетің маңдайың. Жанайым: Су- тіршілік білсеңдер, Судан ырыс күткен жер, Суды лайлап түкірме! Деп үйреткен үлкендер.</p> <p>Жания: Судың да сұрауы бар. Абдинұр: Су –тіршілі көзі. Елдана: Сусыз өмір жоқ, Малика: Су-тазалықтың досы. Сөзім:Сумен жер көгерер, Батамен ел көгерер.</p> <p>Балалардың жауабы</p> <p>Қатырып</p> <p>Балалар мұзды ұстап көреді</p> <p>Балалар қимыл-қозғалыспен орындайды</p> <p>Жаңа сөздің мағынасын түсінеді</p> <p>Қайталап айтады.</p> <p>Болады</p> <p>Суда дәм жоқ,түссіз, сұйық Балалар қуана ойнайды</p>
-------------------------------	--	--

Рефлексивті түзетушілік	-Балалар бүгін біз не туралы айттық? -Су не үшін керек? -Сусыз өмір сүруге бола ма? Су патшайымы:Балалар мен сендермен уақытымды көңілді әрі қызықты өткіздім.Сендерге көп рахмет.Топтарыңа баруларыңа болады.Сау болыңдар!	Су туралы,судың қасиеттері туралы. Ішуге,жуынуға т.б. Болмайды. Сау болыңыз
-------------------------	--	--

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:**Судың қасиеттері мен маңызы туралы.

**Нені игереді:**Судан тәжірибе жасауды.

**Нені біледі:**Су өмір бой айналымда болатынын.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.